2) облигациялардың саны мен түрі	40 000 000 (қырық миллион) дана қамтамасыз етілмеген купондық облигацияла р	20 000 000 (жиырма миллион) дана қамтамасыз етілмеген купондық облигацияла р	20 000 000 (жиырма миллион) дана қамтамасыз етілмеген купондық облигацияла р	50 000 000 (елу миллион) дана қамтамасыз етілмеген купондық облигацияла р	70 000 000 (жетпіс миллион) дана қамтамасыз етілмеген купондық облигацияла р
3) шығарылымның номиналды құны бойынша көлемі	40 000 000 000 (қырық миллиард) теңге	20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге	20 000 000 000 (жиырма миллиард) теңге	50 000 000 0 00 (елу миллиард) теңге	70 000 000 000 (жетпіс миллиард) теңге
4) шығарылымның орналастырылған облигацияларының саны	40 000 000 (қырық миллион) дана	20 000 000 (жиырма миллион) дана	20 000 000 (жиырма миллион) дана	36 000 000 (отыз алты миллион) дана	0 дана
5) Облигацияларды орналастыру	40 000 000 000 (қырық	20 000 000 000 (жиырма	20 000 000 000 (жиырма	36 000 000 0 00 (отыз	0 теңге



кезінде тартылған ақшаның жалпы көлемі	миллиард) теңге	миллиард) теңге	миллиард) теңге	алты миллиард) теңге	
б) Осы облигациялар шығарымы бойынша есептелген және төленген сыйақы сомасы	8 800 000 000 теңге	2 100 000 000 теңге	жоқ	жоқ	0 теңге
7) сатып алынған күні көрсетілген сатып алынған облигациялардың саны	0 дана	0 дана	0 дана	0 дана	0 дана
8) эмитенттің облигациялар ұстаушылардың алдында өз міндеттемелерін орындамауы фактісі туралы мәліметтер (облигациялар бойынша сыйақы төлемегені (төлемін кешіктіргені), орындалмаған міндеттемелер көлемі және оларды орындау мерзімін ұзарту туралы ақпаратты қоса алғанда, облигациялар бойынша есептелген, бірақ төленбеген сыйақы сомасы	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ	жоқ
9) облигациялар шығарылымының мемлекеттік емес бағалы қағаздарын орналастыру не айналысы тоқтатылған (жаңартылған) жағдайда, сондай	Қолданылма йды	Қолданылма йды	Қолданылма йды	Қолданылма йды	Қолданылма йды



шешімді қабылдаған мемлекеттік орган, қабылдау негіздемесі және оны қабылдаған күні көрсетіледі					
10) облигациялар айналысы жүретін нарықтар, саудасаттық ұйымдастырушыларының атауларын қоса алғанда	Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарық. Саудасаттықты ұйымдастырушы «Қазақстан қор биржасы» АҚ 28.08.2020 ж. ресми тізіміне енгізілген 31.08.2022 Облигациялардың өтелуіне байланысты облигациялар саудасаттық тізімдерінен шығарылды.	Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарық. Саудасаттықты ұйымдастырушы «Қазақстан қор биржасы» АҚ 20.09.2021 ж. ресми тізіміне енгізілген	Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарық. Саудасаттықты ұйымдастырушы Astana Stock Exchange 04.11.2021 ж. ресми тізіміне енгізілген	Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарық. Саудасаттықты ұйымдастырушы «Қазақстан қор биржасы» АҚ 18.08.2022 ж. ресми тізіміне енгізілген.	-
11) облигациялар айналыста болған жағдайда, облигациялар олардың ұстаушыларына беретін құқықтар, оның ішінде шектеулер (конвенанттар) бұзылған кезде іске асырылған және ұстаушылармен жасалған сатып алу-сату шарттарында	1) үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде бірінші проспектіде көзделген мерзімде Эмитенттен Облигациялардың номиналдық құнын алу не өзге де мүлдіктік	1) үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде екінші проспектіде көзделген мерзімде Эмитенттен Облигациялардың номиналдық құнын алу не өзге де мүлдіктік	1) үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде үшінші проспектіде көзделген мерзімде Эмитенттен Облигациялардың номиналдық құнын алу не өзге де	1) үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде төртінші проспектіде көзделген мерзімде Эмитенттен Облигациялардың номиналдық құнын алу не өзге де мүлдіктік	-



<p>көзделген құқықтар, ұстаушылардың осы құқықтарын іске асыру тәртібін көрсете отырып</p>	<p>баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигациялардың номиналдық құнынан ол бойынша тіркелген пайызды не облигациялар шығарылымының проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы;</p> <p>2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде бірінші проспектіде көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазақстан қор</p>	<p>баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигациялардың номиналдық құнынан ол бойынша тіркелген пайызды не облигациялар шығарылымының проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы;</p> <p>2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және үшінші облигациялық бағдарламасы екінші шегінде проспектіде көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазақстан қор</p>	<p>мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигациялардың номиналдық құнынан ол бойынша тіркелген пайызды не облигациялар шығарылымының проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы;</p> <p>2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде үшінші проспектіде көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және Astana Stock Exchange ережелеріне</p>	<p>баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигациялардың номиналдық құнынан ол бойынша тіркелген пайызды не облигациялар шығарылымының проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы;</p> <p>2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде төртінші проспектіде көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы;</p> <p>3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазақстан қор</p>	
--	---	--	--	--	--



	<p>биржасы» АҚ ережелеріне сәйкес және көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;</p> <p>4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;</p> <p>5) үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде бірінші проспектіде белгіленген жағдайларда сатып алуға Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін мәлімдеу құқығы;</p> <p>б) Облигацияларды еркін сату және</p>	<p>биржасы» АҚ ережелеріне сәйкес және көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;</p> <p>4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;</p> <p>5) үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде екінші проспектіде белгіленген жағдайларда сатып алуға Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін мәлімдеу құқығы;</p> <p>б) Облигацияларды еркін сату және</p>	<p>сәйкес және көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;</p> <p>4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;</p> <p>5) үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде үшінші проспектіде белгіленген жағдайларда сатып алуға Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін мәлімдеу құқығы;</p> <p>б) Облигацияларды еркін сату және өзгеше түрде билік ету құқығы;</p>	<p>биржасы» АҚ ережелеріне сәйкес және көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;</p> <p>4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;</p> <p>5) үшінші облигациялық бағдарламасы шегінде төртінші проспектіде белгіленген жағдайларда сатып алуға Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін мәлімдеу құқығы;</p> <p>б) Облигацияларды еркін сату және</p>	
--	--	---	--	---	--





өзгеше түрде билік ету құқығы; 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.	өзгеше түрде билік ету құқығы; 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.	7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.	өзгеше түрде билік ету құқығы; 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.
---	---	---	---

### 3. Облигациялар шығарылымы туралы мәлімет:

#### 1) облигация түрі:

қамтамасыз етілмеген купондық облигациялар (бұдан әрі – «Облигациялар»).

#### 2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болып табылса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі):

1 000 (мың) теңге.

#### 3) облигация саны:

50 000 000 (елу миллион) дана.

#### 4) Облигация шығарылымының жалпы көлемі:

50 000 000 000 (елу миллиард) теңге.

#### 5) номиналды құн валютасы, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы:

Облигациялардың номиналды құны Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – Қазақстан теңгесінде көрсетілген.

Барлық төлемдерді осы тармақшаның төртінші абзацында көрсетілген жағдайды қоспағанда, Эмитент (сыйақы төлеуді және негізгі қарыз сомасын) қазақстандық теңгемен қолма-қол емес ақша тәртіппен жүзеге асырады.

Егер Облигацияларды ұстаушы Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Облигациялар бойынша негізгі қарыз және (немесе) есептелген сыйақы сомасын төлеу Облигацияларды ұстаушыда Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгеде банктік шоты болған кезде қазақстандық теңгеде жүргізілетін болады.

Облигацияларды ұстаушыда - Қазақстан Республикасының бейрезидентінде Қазақстан Республикасының аумағында қазақстандық теңгеде банктік шот болмаған жағдайда, Облигациялар бойынша сыйақы және (немесе) негізгі қарызды төлеуді жүзеге асыру



барысында қазақстандық теңгені АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауға рұқсат етіледі. Көрсетілген айырбастау Эмитент Облигацияларды ұстаушыдан – Қазақстан Республикасының бейрезидентінен тиісті төлем күніне дейін 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей Облигацияларды ұстаушының – Қазақстан Республикасының бейрезидентінің банктік деректемелерін және төлем жүзеге асырылуы тиіс валютаны көрсететін жазбаша өтінішті алған жағдайда жүзеге асырылады. Айырбастау Эмитенттің қызмет көрсететін банкі төлемді жүзеге асыру күніне белгілеген айырбастау бағамы бойынша жүзеге асырылады. Қазақстан теңгесін АҚШ долларына немесе Еуроға айырбастауды жүргізгені үшін қызмет көрсететін Эмитент банкінің комиссиясы Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының бейрезиденті есебінен жүргізіледі және Облигацияларды ұстаушыға – Қазақстан Республикасының бейрезидентіне аударуға жататын сомадан ұсталатын болады. Облигацияларды ұстаушы – Қазақстан Республикасының резидентінің пайдасына Облигациялар бойынша төлем жасау кезінде теңгені басқа валютаға айырбастауға жол берілмейді.

#### **4. Орналастырылатын облигацияларды төлеу әдісі:**

Облигациялар қолма-қол емес ақша түрде төленеді. Облигацияларды орналастыру «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесінде сауда-саттық өткізу жолымен жүзеге асырылатын болады.

#### **5. Облигациялар бойынша табыс алу:**

##### **1) Облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің мөлшері және егер бар болса, қосымша сыйақы:**

Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі «Қазақстан қор биржасы» АҚ ішкі ережелеріне сәйкес жүргізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттықтардың қорытындылары бойынша Эмитент сатып алушының ең болмағанда 1 (бір) өтінімін қанағаттандыратын мөлшерлеме ретінде айқындалатын болады.

Облигациялар бойынша сыйақы мөлшерлемесі Облигациялар айналымының барлық мерзіміне тіркелген болып табылады.

##### **2) сыйақы төлеу кезеңділігі және (немесе) облигациялар бойынша сыйақы төлеу күні:**

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналымының барлық мерзімі ішінде Облигациялар айналымы басталған күннен бастап әрбір 12 (он екі) ай сайын жылына 1 (бір) рет жүргізіледі. Облигациялардың айналымы басталған күннен бастап әрбір 12 (он екі) ай сайын олардың айналымының барлық мерзімі ішінде Облигациялар бойынша купондық кезең болып табылады.

Сыйақы оны алуға құқығы бар және сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша (бұдан әрі – «**Тіркеу күні**») (Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарийдің орналасқан жеріндегі уақыт бойынша) Эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді.

##### **3) облигациялар бойынша сыйақы есептеу басталатын күн:**

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу Облигациялар айналымы басталған күннен басталады. Сыйақыны есептеу Облигациялар айналымының барлық мерзімі ішінде жүргізіледі және Облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күнінде аяқталады.

##### **4) облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен шарттары, облигациялар бойынша сыйақы алу әдісі:**



Сыйақыны төлеу Тіркеу күнінен кейінгі келесі 10 (он) жұмыс күн ішінде Тіркеу күннің басындағы жағдай бойынша Облигация ұстаушыларының тізілімінде тіркелген Облигация ұстаушыларының банктік шоттарына Эмитент ақшаны аудару арқылы жүзеге асырылады.

Төлем күніндегі сыйақы Облигациялардың номиналды құнының, жылдық сыйақы мөлшерлемесінің және сыйақы есептеу кезеңіндегі күндер санының жылдағы күндер санына бөлінген көбейтіндісі ретінде есептеледі.

Үтірден кейінгі белгілердің саны және есептелген сыйақы сомасын дөңгелектеу әдісі Қазақстан Республикасы ұлттық валютасының жұмыс істеу тәртібін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес айқындалады.

Соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны төлеу Облигациялар бойынша қарыздың негізгі сомасы төлемімен бір мезгілде жүргізіледі.

#### **5) облигациялар бойынша сыйақыны есептеу үшін қолданылатын уақыт кезеңі:**

Облигациялар бойынша сыйақы төлеу бір жылда 360 (үш жүз алпыс) күн және айналымтың барлық мерзімі ішінде бір айда 30 (отыз) күн уақытша база есебінен жүргізілетін болады.

#### **6. Арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару барысында жобалық қаржыландыру кезінде қосымша көрсетіледі:**

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

#### **7. Секьюритизация барысында арнайы қаржы компаниясының облигацияларын шығару барысында қосымша көрсетіледі:**

Эмитент арнайы қаржы компаниясы болып табылмайды.

#### **8. Облигацияларды орналастыру шарты және тәртібі:**

##### **1) облигацияларды орналастыру басталған күн:**

Облигацияларды орналастыру басталған күн Облигациялар айналымының басталған күні болып табылады.

##### **2) облигацияларды орналастыру аяқталған күн:**

Облигацияларды орналастырудың аяқталу күні соңғы шығарылым Облигацияларын орналастыру күні болып табылады.

##### **3) облигацияларды орналастыру жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):**

Облигацияларды орналастыру ұйымдастырған нарықта жүзеге асырылатын болады.

#### **9. Облигациялар айналымының шарттары мен тәртібі:**

##### **1) облигациялар айналымының басталған күні:**

Облигациялар айналымының басталған күні «Қазақстан қор биржасы» АҚ ережелеріне сәйкес жүргізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген саудасаттықты өткізу күні болып табылады.

##### **2) облигациялар айналымының аяқталған күні:**

осы Проспектімен белгіленген Облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күні Облигациялар айналымының аяқталған күні болып табылады.

##### **3) айналым мерзімі:**

Облигациялардың айналым мерзімі Облигациялар айналымы басталған күннен бастап 2 (екі) жылды құрайды.



**4) Облигациялар айналымы жоспарланатын нарық (ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығы):**

Облигациялар айналымы ұйымдастқан нарықта да, ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында да жоспарланады.

**10. Облигацияларды өтеу шарттары және тәртібі:**

**1) облигацияларды өтеу күні:**

облигацияларды өтеу кезеңінің басталу күні – Облигациялар айналымы басталған күннен бастап 2 (екі) жылды құрайтын Облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күн. Облигацияларды өтеу кезеңі Облигацияларды өтеу кезеңі басталған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнін құрайды.

**2) облигацияларды өтеу әдісі:**

негізгі қарыз сомасын өтеу және соңғы купондық кезең үшін сыйақы төлеу Облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күнінің басындағы жағдай бойынша Облигация ұстаушыларының тізілімінде тіркелген Облигация ұстаушыларының банктік шоттарына ақша аудару жолымен бір мезгілде жүзеге асырылатын болады. Соңғы купондық кезең үшін негізгі қарыз бен сыйақы сомасын төлеу Облигациялар айналымы кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылатын болады.

**3) егер облигацияларды өтеу барысында сыйақы мен номиналды құнды төлеу облигацияларды шығару проспектісіне сәйкес өзге мүліктік құқықтармен жүргізілетін болса, осы құқықтардың сипаттамасы, оларды сақтау әдістері, бағалау тәртібі және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалар, сондай-ақ осы құқықтардың өтуін іске асыру тәртібі келтіріледі:**

Облигацияларды өтеу барысында сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүліктік құқықтармен жүргізілмейтін болады.

**11. Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген облигацияларды сатып алудың қосымша шарттары болған жағдайда, келесілер көрсетіледі:**

Облигацияларды шығару үшін «Бағалы қағаздар нарығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі № 461-ІІ Заңының (бұдан әрі – «**Бағалы қағаздар нарығы туралы Заң**») 15 және 18-4-баптарында белгіленбеген сатып алудың қосымша шарттары жоқ.

Бұл жағдайда Қазақстан Республикасының заңнамасында эмитенттердің бастамасы бойынша облигацияларды сатып алуды жүзеге асыру тәртібі көзделмегенін назарға ала отырып, осы тармақ Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібінің, шарттары мен мерзімдерінің сипаттамасын қамтиды.

**1) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру тәртібі, шарттары:**

Эмитент өзінің уәкілетті органының шешімі бойынша ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтардағы Облигацияларды олардың айналымының бүкіл мерзімі ішінде толық немесе ішінара сатып алуға құқылы.

Эмитенттің облигацияларды сатып алу бағасы келесі түрде анықталады:

- мәмілені жүзеге асыру күніне «Қазақстан қор биржасы» АҚ қалыптасқан нарықтық құнына шыға отырып, ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында сатып алуды жүзеге асыру барысында;



- ұйымдастырылмаған нарықта сатып алуды жүзеге асыру барысында – мәміле тараптарының келісімі бойынша.

Эмитент уәкілетті органы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитент Облигация ұстаушыларының назарына «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийінің ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты жеткізуге міндетті. Жарияланған мәліметтерде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- ✓ Облигацияларды сатып алу жүзеге асырылатын нарыққа (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған) нұсқау;
- ✓ сатып алынатын Облигациялар көлемі;
- ✓ Эмитенттің уәкілетті органы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күнінен ерте емес күні тағайындалуы тиіс Облигацияларды сатып алуды жүргізу күні;
- ✓ есеп айырысу тәртібі, соның ішінде:
  - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигация ұстаушыларының Облигация ұстаушыларының тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
  - ұйымдастқан нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттық жүргізу әдісін көрсету.

Орналастырылған (сатып алынғандарды шегергенде) Облигациялардың саны туралы ақпаратты «Қазақстан қор биржасы» АҚ ережелеріне сәйкес «Қазақстан қор биржасы» АҚ Эмитенті ашады.

Эмитенттің Облигацияларды сатып алуы Облигация ұстаушыларының құқықтарын бұзуға әкеп соқпауы тиіс.

Ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған нарықтарда сатып алынған Облигациялар өтелген болып саналмайды және Эмитент өзінің сатып алынған облигацияларын ұйымдастырылған және ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында олардың айналымының бүкіл мерзімі ішінде кері сатуға құқылы.

## 2) облигацияларды сатып алу құқығын іске асыру мерзімдері:

Эмитенттің орналастырылған Облигацияларды сатып алуы Эмитенттің уәкілетті органының шешімімен анықталған күні жүзеге асырылады.

Ұйымдастырылмаған нарықта Облигацияларды сатып алған жағдайда, оларға тиесілі Облигацияларды толық немесе ішінара сатқысы келетін Облигация ұстаушылары Эмитенттің уәкілетті органы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде Эмитенттің атына тиісті жазбаша өтініш беруге құқылы.

Облигацияларды ұйымдастқан нарықта сатып алған жағдайда, оларға тиесілі Облигацияларды толық немесе ішінара сатқысы келетін Облигация ұстаушылары сатып алу жүргізілген күні «Қазақстан қор биржасы» АҚ ережелерімен көзделген тәртіппен «Қазақстан қор биржасы» АҚ сауда жүйесіне тиісті бұйрық беруге құқылы.

## 12. Бағалы қағаздар нарығы туралы заңда көзделмеген қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленген жағдайда келесілер көрсетіледі:



Қосымша ковенанттар (шектеулер) белгіленбеді.

**13. Айырбасталатын облигацияларды шығару барысында қосымша келесідей мәліметтер көрсетіледі:**

Осы шығарылымның облигациялары айырбасталатын болып табылмайды.

**14. Шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын эмитенттің мүлкі туралы мәліметтер:**

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.

**15. Атауын, орналасқан орнын, кепілдік шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар банк кепілдігімен қамтамасыз етілген болса):**

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген болып табылмайды.

**16. Инфрақұрылымдық облигациялар шығару барысында – концессия шартының және мемлекет кепілгерлігін беру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысының деректемелері:**

Осы шығарылымның облигациялары инфрақұрылымдық болып табылмайды.

**17. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың мақсатты арнауы:**

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат Эмитенттің кредиттік-инвестициялық қызметін қаржыландыруға бағытталатын болады.

**18. Эмитент бұрын орналастырған (эмитент сатып алған облигацияларды шегергенде), айналым мерзімі өткен облигациялар бойынша талап ету құқықтарымен төленетін облигацияларды шығару барысында осы облигациялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні мен нөмірі, олардың түрі мен саны, сондай-ақ облигациялар шығарылымының көлемі, облигациялар бойынша жинақталған және төленбеген сыйақы сомасы қосымша көрсетіледі:**

Осы шығарылымның облигациялары талап ету құқықтарымен төленбейді.

**19. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар:**

- 1) осы проспектіде көзделген мерзімде Эмитенттен Облигациялардың номиналдық құнын алу не өзге де мүліктік баламаны алу құқығы, сондай-ақ облигациялардың номиналдық құнынан ол бойынша тіркелген пайызды не облигациялар шығарылымының проспектісінде белгіленген өзге де мүліктік құқықтарды алу құқығы;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы проспектіде көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын талап ету құқығы.

**Облигация ұстаушыларының өздеріне тиесілі облигацияларды сатып алуды талап ету құқығын іске асыру шарттары, тәртібі және мерзімдері:**

Эмитент Бағалы қағаздар нарығы туралы заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда және Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1 және 2-тармақшаларында көзделген жағдайларда Облигация ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

Эмитент бағалы қағаздар рыногы туралы Заңның 15-бабының 2-тармағында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда, сатып алу жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша жүзеге асырылады.



Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1 және 2-тармақшаларында көзделген жағдайлар басталған кезде Эмитент орналастырылған Облигацияларды мынадай бағалардың ең көбі бойынша: (I) жинақталған сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға; (II) Облигациялардың әділ нарықтық бағасы бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті.

Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңның 15-бабының 2-тармағында және 18-4-бабының 2-тармағының 1 және 2-тармақшаларында көзделген сатып алу үшін негіздердің кез келгені туындаған жағдайда, Эмитент көрсетілген негіздер басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушыларының назарына «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийі ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды сатып алу үшін негіз туындауы туралы ақпаратты жеткізуге міндетті. Бұл ақпарат Облигацияларды сатып алу үшін негіздердің қайсысының орын алғанын толық сипаттауды, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге де ақпаратты қамтуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама бірінші жарияланған күннен кейінгі 15 (он бес) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушыларының сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, сатып алу туралы жазбаша өтініш беруге құқығы бар, ал Эмитент қабылдауға міндетті.

Облигацияларды сатып алу туралы ең болмағанда бір жазбаша өтінішті алған жағдайда, Эмитенттің уәкілетті органы сатып алуға жазбаша өтінімдерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі 10 (он) жұмыс күні ішінде келесілер туралы шешім қабылдауға міндетті:

- ✓ Облигацияларды сатып алу;
- ✓ Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
- ✓ сатып алынатын Облигациялар көлемі;
- ✓ Облигацияларды сатып алуды өткізу күні;
- ✓ есеп айырысу тәртібі, соның ішінде:
  - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигация ұстаушыларының тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға және (б) Облигация ұстаушысына одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібімен Облигация ұстаушыларының бұйрықтарын беру тәртібі;
  - ұйымдастқан нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттық жүргізу әдісін көрсету.
- ✓ Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер.

Эмитент уәкілетті орган Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Облигация ұстаушыларының назарына «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) және Қаржылық есептілік депозитарийі ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы осындай шешімнің қабылданғаны туралы ақпаратты жеткізуге міндетті. Жарияланған мәліметтерде мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- осы бағаны есептеу тәртібін көрсете отырып, Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
- сатып алынатын Облигациялар көлемі;
- Облигацияларды сатып алуды өткізу күні;



- есеп айырысу тәртібі, соның ішінде:
  - ұйымдастырылмаған нарық үшін - (а) Облигация ұстаушыларының тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға және (б) Облигация ұстаушысына одан сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібімен Облигация ұстаушыларының бұйрықтарын беру тәртібі;
  - ұйымдастырылған нарық үшін – Облигацияларды сатып алу бойынша сауда-саттық жүргізу әдісін көрсету.
- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де ақпарат.

Эмитенттің уәкілетті органы анықтаған сатып алуды жүргізу күні Эмитенттің уәкілетті органы Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдағаны туралы ақпараттық хабарлама жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырмамыншы) жұмыс күнінен кешіктірмей болуы тиіс.

б) Эмитентпен осы проспектіде көзделген дефолт оқиғасы басталған жағдайда.

Облигация ұстаушыларының дефолт оқиғасы туындаған жағдайда өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап ету құқығын іске асыру тәртібі мен мерзімдері осы проспектінің 20-тармағында көрсетілген.

- 3) Қазақстан Республикасының заңнамасына және «Қазақстан қор биржасы» АҚ ережелеріне сәйкес және көзделген тәртіппен Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жай-күйі туралы ақпарат алу құқығы;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға қатысты өз талаптарын қанағаттандыруға;
- 5) осы проспектіде белгіленген жағдайларда сатып алуға Облигациялардың барлығын немесе бір бөлігін мәлімдеу құқығы;
- 6) Облигацияларды еркін сату және өзгеше түрде билік ету құқығы;
- 7) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар.

## **20. Басталғанда Эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдайлар:**

### **1) басталған жағдайда эмитенттің облигациялары бойынша дефолт жариялану ықтималдығы бар оқиғалар тізбесі:**

Дефолт – бұл эмиссиялық бағалы қағаздар және басқа қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау. Басталған жағдайда Эмитент Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – «Дефолт оқиғасы») негізгі қазыды және (немесе) купондық сыйақыны төлеу үшін осы проспектіде белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі қарыз және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу бойынша Эмитенттің міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамау болып табылады.

### **2) облигациялар бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен талаптарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда эмитенттің қолданатын шаралары:**

Облигациялар бойынша дефолт туындаған жағдайда Эмитент Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ақшалай міндеттемені немесе оның тиісті бөлігін орындаған күнгі қайта





қаржыландырудың ресми мөлшерлемесін негізге ала отырып, мерзімі өткен әрбір күн үшін Облигация ұстаушыларына тұрақсыздық айыбын есептеуге және төлеуге міндетті.

Эмитент осы проспект бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмеген күш мән-жайларының салдары болып табылса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмеген күш жағдайлары деп басталуы алдын ала болжау немесе алдын алу мүмкін болмаған жағдайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, уәкілетті органдардың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмеген күш жағдайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы проспект бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай жағдайлар мен олардың салдарлары әрекет ететін уақыт кезеңіне мөлшерлес кейінге қалдырылады.

Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Эмитент Облигация ұстаушыларының жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті. Бұл жағдайда Облигация ұстаушыларының жалпы жиналысы Дефолт оқиғасы басталған күннен кейінгі 30 (отыз) жұмыс күнінен кешіктірілмей өткізілуі тиіс.

Облигация ұстаушыларының жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және (қажет болған жағдайда) осы проспектіге ықтимал өзгерістер жобасын бекіту туралы мәселелер енгізілуі тиіс.

Эмитент Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпаратты Облигация ұстаушыларының назарына осы тармақтың 3) тармақшасында көрсетілген әдістерді қолдана отырып, мерзімде және тәртіпте жеткізеді.

Эмитент Облигация ұстаушыларының жалпы жиналысын өткізу күніне дейін (қоса алғанда) Дефолт оқиғасы басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Эмитент Облигация ұстаушыларының Облигацияларды сатып алу туралы жазбаша өтініштерін жинақталған сыйақыны ескере отырып, сатып алуға мәлімделген санын көрсете отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға бойынша қабылдауды жүзеге асыруға міндетті.

Егер Облигация ұстаушыларының жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмеген және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін еместігі туралы шешім қабылданған болса, сондай-ақ егер Эмитент борышкердің кредиторлар талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіздігі кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімдерде, Облигациялар бойынша негізгі қарыз және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу және Облигация ұстаушылардың алынған жазбаша талаптары бойынша облигацияларды сатып алу жөніндегі өз міндеттемелерін орындамаған болса, Эмитенттің және Облигация ұстаушыларының одан кейінгі іс-әрекеттері немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтары Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

- 3) эмитенттің облигацияларды ұстаушыларға орындалмаған міндеттемелердің көлемі, міндеттемелерді орындамау себебі, облигацияларды ұстаушылардың өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттері, облигацияларды ұстаушылардың эмитентке, эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілік атқаратын тұлғаларға талап қою тәртібі туралы мәліметтер қамтылатын дефолт фактілері туралы ақпаратты жіберу тәртібі, мерзімі мен әдістері:**



Облигациялар бойынша Дефолт оқиғасы басталған кезде Эмитент осындай Дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және Облигация ұстаушыларының құқықтарын қамтамасыз ету үшін бар күшін салады.

Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Эмитент тиісті оқиға басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы ақпаратты биржа ережелерінде белгіленген тәртіппен «Қазақстан қор биржасы» АҚ ([www.kase.kz](http://www.kase.kz)) ресми интернет-ресурсында және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қаржылық есептілік депозитарийінің ресми интернет-ресурсында ([www.dfo.kz](http://www.dfo.kz)) тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигация ұстаушыларының назарына жеткізуге міндетті. Эмитенттің ақпараттық хабарламасында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

- ✓ Дефолт оқиғасы басталуын тудырған себептердің толық сипаттамасы;
- ✓ орындалмаған міндеттемелер көлемі туралы мәлімет;
- ✓ Облигация ұстаушыларының өз талаптарын қанағаттандыру бойынша ықтимал іс-әрекеттерін, соның ішінде Облигация ұстаушыларының Эмитентке талап қою тәртібі мен мерзімдерін аудару;
- ✓ Дефолт оқиғасының басталуын тудырған себептерді жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- ✓ Облигация ұстаушыларының жалпы жиналысын өткізу күні;
- ✓ Эмитент шешімі бойынша басқа ақпарат.

Өзге заңды тұлғаға көрсетілген ақпаратты ашу тапсырмасы көзделмеген.

- 4) **эмитенттің облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған не тиісінше орындамаған жағдайда эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе қосымша жауапкершілік атқаратын тұлғалармен шарттың күні мен нөмірі, осы тұлғалардың толық аты-жөндері, сондай-ақ оларды мемлекеттік тіркеу күні (осындай тұлғалар болса):**

Эмитент Облигациялар бойынша міндеттемелерді орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда Эмитенттің міндеттемелері бойынша ортақ немесе субсидиарлық жауапты тұлғалар жоқ.

21. **Облигацияларды өтеу мезетіне дейін сыйақы төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақылар төлеу және негізгі қарыз сомасын өтеу үшін қажетті эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы:**

Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы №1 қосымшада көрсетілген.

22. **Эмитенттің облигация ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер (қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық облигациялар шығарылған жағдайда):**

Осы шығарылымның облигациялары қамтамасыз етілген, инфрақұрылымдық немесе ипотекалық болып табылмайды. Осыған байланысты Облигация ұстаушыларының өкілі тағайындалмады.

23. **Эмитенттің төлем агенті туралы мәлімет (бар болған жағдайда):**

Сыйақы төлеуді және Облигацияларды өтеуді Эмитент төлем агентінің қызметтерін пайдаланбай өздігінен жүзеге асырады.

24. **Эмитенттің консультанттары туралы мәліметтер (егер Бағалы қағаздар нарығы туралы Заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және оның болуы мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөнінде шарт жасасу жөніндегі міндет белгіленген жағдайда):**



Проспектіні тіркеу мезетінде консультант тағайындалмады.

**Басқарма төрағасының орынбасары**

**Д.Т. Иманғалиев**



**1 - қосымша. Облигацияларды өтеу мезетіне дейін сыйақы төлеудің әрбір кезеңі бөлігінде сыйақылар төлеу және негізгі қарыз сомасын өтеу үшін қажетті Эмитенттің ақша қаражатының көздері мен ағындарының болжамы**

2024 жылдан бастап, 2025 жылға дейінгі кезеңде Эмитенттің ақша ағындарының болжамы: мың АҚШ долл.

Көрсеткіштер	2024	2025
<b>ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТЕН АҚША ҚАРАЖАТТЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:</b>		
Алынған сыйлықақылар (пайыздар)	311 729	380 859
Сыйлықақылар төлеу (пайыздар)	- 211 520	-270 536
Төленген операциялық қызметтен шығындары	- 43 131	-67 985
<b>Операциялық қызметтің активтер мен міндеттемелері өзгеруінен бұрын операциялық қызметтен ақша қаражатының таза сомасы</b>	<b>57 078</b>	<b>42 338</b>
<b>Операциялық қызметтің активтер мен міндеттемелері өзгеруі</b>		
Клиенттерге берілетін несиелердің өзгеруі	- 609 539	-705 451
Қаржы институттарындағы несиелер мен аванстардың өзгеруі	- 62 011	-71 769
Өзге активтердің өзгеруі	2 031	607
Клиенттердің салымдарының өзгеруі	45 567	50 807
Банктердің ақша қаражаттары мен өзге міндеттемелердің өзгеруі	55 241	61 593
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза түсімі</b>	<b>- 511 633</b>	<b>-621 874</b>
<b>ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:</b>		
Құнды қағаздарды сатып алу	- 3 884 355	-4 523 348
Құнды қағаздарды өтеуден және сатудан түсетін түсімдер	3 344 587	3 703 296
<b>Инвестициялық қызмет бойынша ақша қаражатының таза түсімі</b>	<b>- 539 768</b>	<b>-820 052</b>
<b>ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ БОЙЫНША АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ:</b>		
Бағалы қағаздарды шығарылуынан түсімдер	702 253	758 182
Шығарылған бағалы қағаздардың борышын өтеу	- 253 926	-146 734
Банктерден алынған несиелерден түсетін түсімдер	239 836	173 714
Банктерден алынған несиелерді өтеу	- 90 868	-30 544
<b>Қаржы қызметі бойынша ақша қаражатының таза түсімі</b>	<b>597 295</b>	<b>754 617</b>



Осы қосымшада келтірілген Эмитенттің ақша қаражаты ағындарының болжамдары дұрыс емес немесе нақты емес болуы мүмкін және барлық экономикалық және саяси жағдайларды, мемлекеттік реттеудегі өзгерістерді, салық талаптарындағы өзгерістерді (салық мөлшерлемелерінің өзгерістерін, жаңа салық заңдарын және салық заңнамасын түсіндірмесін қайта қарауды қоса алғанда), сот және төрелік талқылаулардың нәтижелерін, пайыздық мөлшерлемелердің өзгерістерін, айырбастау бағамын және басқа нарықтық жағдайларды қоса алғанда, әртүрлі факторларға байланысты өзгертуге жататын болжамдарға, бағалауларға немесе әдістерге байланысты болады.

Эмитент жаңа ақпараттың, болашақ оқиғалардың немесе өзге де негіздердің пайда болуы салдарынан осы қосымшада ашылатын қандай да бір болжамды деректерді жаңарту үшін осы проспектіге өзгерістер енгізбейтін болады.

